**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА И РЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА ГОРОДА НУР-СУЛТАН**

31 наурыз 2021 ж. № 511-1042
Нұр-Сұлтан қаласы

31 наурыз 2021 ж. № 27/3-VII
город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының**
**кейбір құрамдас бөліктеріне**
**атау беру және қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласы Ономастика комиссиясының 2021 жылғы 13 қаңтардағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 3 ақпандағы қорытындыларының негізінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Нұр-Сұлтан қаласының «Алматы» ауданы бойынша:
жобалық атауы А21 көшеге – Ұзақбай Құлымбетов көшесі;
жобалық атауы № 231 көшеге – Әнуарбек Байжанбаев көшесі;
жобалық атауы № 23-14 көшеге – Мақтай Сағдиев көшесі;
жобалық атауы А22 көшеге – Кәмен Оразалин көшесі;
жобалық атауы А98 көшеге – Аманжол Бөлекпаев көшесі;
жобалық атауы № 23-7 көшеге – Бәйкен Әшімов көшесі;
жобалық атауы А25 көшеге – Кеңшілік Мырзабеков көшесі;
жобалық атауы А26 көшеге – Нығмет Нұрмақов көшесі;
жобалық атауы № 23-6 көшеге – Рахманқұл Бердібай көшесі;
жобалық атауы А36 көшеге – Салық Зиманов көшесі;
жобалық атауы № 23-30 көшеге – Хиуаз Доспанова көшесі;
Нұр-Сұлтан қаласының «Есіл» ауданы бойынша:
жобалық атауы Е755 көшеге – Әнет баба көшесі;

жобалық атауы Е16 көшеге – Жұбан Молдағалиев көшесі;
жобалық атауы Е22 көшеге – Роза Бағланова көшесі;
жобалық атауы Е574 көшеге – Бердіқожа батыр көшесі;
жобалық атаулары Е587 және Е619 көшелерді біріктіріп, Уәли Халфин көшесі;
Достық көшесінен басталып, Дінмұхамед Қонаев көшесіне дейін жалғасатын «Қазмедиа орталығы» ғимаратының алдында орналасқан атаусыз көшеге – Қазақ радиосы көшесі деп атау берілсін.
2. Мыналар:
Нұр-Сұлтан қаласының «Байқоңыр» ауданы бойынша:
Жұмабек Тәшенов көшесі – Жұмабек Тәшенев көшесі;
Павлик Морозов орамы – Сейхун орамы;
Ленинградский орамы – Төрткүл орамы;
Жұмабек Тәшенов орамы – Жұмабек Тәшенев орамы;
Жазық орамының Өндіріс көшесінен басталып, Төлеген Тоқтаров көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Ырғайлы орамы;
Гүлзар орамының Саржайлау көшесінен басталып, Төлеген Тоқтаров көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Ақжарма орамы;
Ақсеңгір көшесінің Құсжолы көшесінен басталатын бөлігі – Шоқпартас орамы;
Ағадыр көшесінің С613 жобалық көшесінен басталып, Тайбурыл көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Шилісай орамы;
Ағадыр көшесінің № 8Б үйден басталып, Игілік көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Шеңгелді орамы;
Кеншілер көшесінің Кентау көшесінен басталып, Ақшағыл көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Қарғалы орамы;
Жетісай орамының № 49А үйден басталып, Юрий Малахов көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Үңгіртас орамы;
Ақшағыл көшесінің № 15/2 үйден басталып, Кеншілер көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Тұздыкөл орамы;
Юрий Малахов көшесінің № 12 үйден басталып, Саржайлау көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Түрген орамы;
Саржайлау көшесінің № 9/5 үйден басталып, № 11А үйге дейін жалғасқан бөлігі – Текелі орамы;
Шыңғырлау көшесінің № 17/1 үйден басталып, № 1А үйге дейін жалғасқан бөлігі – Тастөбе орамы;

Өзен көшесінің Сусамыр көшесінен басталып, Өндіріс көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Талдыбұлақ орамы;

Қызылжар орамының Жезкиік орамынан басталып, Найзатас орамына дейін жалғасқан бөлігі – Өлеңдісай орамы;

Тасқұдық орамының № 20 үйден басталып, Ынталы көшесіне дейін жалғасқан бөлігі – Ойқарағай орамы;

Құрманғазы көшесінің № 50 үйден басталып, № 64 үйге дейін жалғасқан бөлігі – Жиренкөл орамы;

Нұр-Сұлтан қаласының «Есіл» ауданы бойынша:

Ильинка тұрғын алабы және Үркер шағын ауданы – Үркер тұрғын алабы;

Новый аэропорт көшесі – Жаңадария көшесі;

Сығанақ және жобалық атауы Е10 көшелерін біріктіріп, Сығанақ көшесі;

Нұр-Сұлтан қаласының «Сарыарқа» ауданы бойынша:

Пионерская көшесі – Талшын көшесі;

Проезд-52 көшесі – Ақтоғай көшесі;

Мостопоезд-463 көшесі – Жартас көшесі;

Аспара көшесінен басталып, Медеу көшесіне дейін жалғасқан Тарас Шевченко көшесі – Қатонқарағай көшесі;

Екінші Алматы және жобалық атауы С409 көшелерін біріктіріп, Ермек Серкебаев көшесі деп қайта аталсын.

3. Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы», «Байқоңыр», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының әкімдері, «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы мен шешімді іске асыру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының және шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы және шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы және шешім ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы және шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде әділет органдарына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бірлескен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысы және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі**

**А. Көлгінов**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы**

**А. Табулдина**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы**

**Е. Каналимов**